

Астана қаласы бойынша мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын қызметтердің құнын айқындау әдістемесін бекіту туралы

Астана қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 5 қаңтардағы № 506-3 қаулысы. Астана қаласының Әділет департаментінде 2025 жылғы 8 қаңтарда № 1400-01 болып тіркелді.

"Масс-медиа туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 8-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрі міндетін атқарушының 2024 жылғы 6 қарашадағы № 525-НҚ бұйрығымен бекітілген Өңірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын қызметтердің құнын айқындаудың үлгілік әдістемесіне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35356 болып тіркелген) сәйкес Астана қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Астана қаласы бойынша мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын қызметтердің құнын айқындау әдістемесі осы қаулыға қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне жіберуді;

2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оның Астана қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары Е. Б. Байкенге жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Астана қаласының әкімі

Ж. Қасымбек

КЕЛІСІЛДІ:

"Астана қаласының Ішкі

саясат басқармасы"

мемлекеттік мекемесінің басшысы

Астана қаласы әкімінің
2025 жылғы 5 қаңтардағы
№ 506-3 қаулысына
қосымша

Астана қаласы бойынша мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын қызметтердің құнын айқындау әдістемесі

1. Астана қаласы бойынша мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын қызметтердің құнын айқындау әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) "Масс-медиа туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 8-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрі міндетін атқарушының 2024 жылғы 6 қарашадағы № 525-НҚ бұйрығымен бекітілген Өңірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындаудың үлгілік әдістемесіне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35356 болып тіркелген) сәйкес әзірленді.

2. Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын қызметтердің құны (бұдан әрі – көрсетілетін қызмет) масс-медианың көрсетілетін қызметінің әрбір жеке түрі үшін жергілікті бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің базалық бағасына қарай айқындалады.

Көрсетілетін қызметтің әрбір жеке түрі бойынша базалық бағасы осы Әдістемеге қосымшаға сәйкес айқындалады.

3. Мерзімді баспасөз басылымдарында көрсетілетін қызметтің құны мынадай формула бойынша айқындалады:

1) газеттер үшін $P_n = V_n \times V \times K_q$ формуласы бойынша, онда:

P_n (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, газеттерде көрсетілетін қызметтің құны;

V_n – газетте орналастырылатын, бір $см^2$ көрсетілетін қызметтің базалық бағасы;

V – газетте орналастырылатын, $см^2$ -мен есептелетін көрсетілетін қызметтің көлемі;

K_q – газет таралымына түзету коэффициенті:

200 000 данаға дейін – 1,3;

100 000 данаға дейін – 1,15;

50 000 данаға дейін – 1;

30 000 данаға дейін – 0,9;

20 000 данаға дейін – 0,8;

10 000 данаға дейін – 0,65;

5 000 данаға дейін – 0,5;

2) журналдар үшін $P_m = V_m \times V \times K_q$ формуласы бойынша, онда:

P_m (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, журналдарда көрсетілетін қызметтің құны;

V_m – журналда орналастырылатын, бір $см^2$ көрсетілетін қызмет үшін базалық баға;

V – журналда орналастырылатын, $см^2$ -мен есептелетін көрсетілетін қызметтің көлемі;

K_q – журнал таралымына түзету коэффициенті:

15 000 данаға дейін – 1,2;

10 000 данаға дейін – 1,1;

8 000 данаға дейін – 1;

5 000 данаға дейін – 0,9;

3 000 данаға дейін – 0,8;

1 000 данаға дейін – 0,7.

4. Интернет-ресурстағы көрсетілетін қызметтің құны $P_i = B_i \times V \times K_q$ формуласы бойынша айқындалады, онда:

P_i (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, интернет-ресурстағы көрсетілетін қызметтің құны;

B_i – интернет-ресурста орналастырылатын көрсетілетін қызметтің бір таңбасының, секундының, минутының, данасының базалық бағасы;

V – интернет-ресурста орналастырылатын көрсетілетін қызметтің символдармен, секундтармен, минуттармен, даналармен есептелетін көлемі;

K_q – бірегей пайдаланушылардың интернет-ресурсқа кіруінің орташа айлық санын есепке алуға арналған түзету коэффициенті:

айына 500 000 кірушіге дейін – 1;

айына 1 000 000 кірушіге дейін – 1,1;

айына 2 000 000 кірушіге дейін – 1,2;

айына 5 000 000 кірушіге дейін – 1,3;

айына 5 000 000 кірушіден астам – 1,4.

5. Теледидарда көрсетілетін қызметтің құны $P_{tv} = B_{tv} \times V$ формуласы бойынша айқындалады, онда:

P_{tv} (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, теледидарда көрсетілетін қызметтің құны;

B_{tv} – теледидарда орналастырылатын көрсетілетін қызметтердің бір секундының, минутының, сериясының базалық бағасы;

V – теледидарда орналастырылатын, секундтармен, минуттармен, сериялармен есептелетін көрсетілетін қызметтің көлемі.

Егер мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру кезінде теледидарда көрсетілетін қызметтерді жанрлар бойынша бөлу ескерілмеген жағдайда, теледидарда көрсетілетін қызметтердің құны базалық баға (B_{tv}) бойынша есептеледі.

6. Радиоарнада көрсетілетін қызметтің құны $P_r = B_r \times V$ формуласы бойынша айқындалады, онда:

P_r (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, радиоарнада көрсетілетін қызметтің құны;

Вг – радиоарнада көрсетілетін қызметтердің бір секундының, минутының базалық бағасы;

V – радиоарнада орналастырылатын, көрсетілетін қызметтің секундтармен, минуттармен есептелетін көлемі.

Астана қаласы бойынша
мемлекеттік ақпараттық
саясатты жүргізу жөніндегі
мемлекеттік тапсырысты
жүзеге асыру үшін сатып
алынатын қызметтердің құнын
айқындау әдістемесіне
қосымша

Астана қаласы бойынша мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын қызметтердің базалық бағасы

Ескерту. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 14.04.2026 № 506-1273 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

№	Қызметтің атауы	Өлшем бірлігі	2025 жыл (теңге)	2026 жыл (теңге)	2027 жыл (теңге)
1.	Қазақстан Республикасының аумағында таралатын баспа басылымындағы (газет) қызмет (ақпараттық материалды (мақала/сұхбат, талдау, лонгрид, фоторепортаж, журналистік зерттеу, очерк, сарапшылық комментарий, инфографика/коллаж, фото) әзірлеу және орналастыру) (Вп)	ш а р ш ы сантиметр	1404	1453	1501
	Астана қаласының аумағында таралатын баспа басылымындағы (газет) қызмет (ақпараттық материалды (

2.	мақала/сұхбат, талдау, лонгрид, фоторепортаж, журналистік зерттеу, очерк, сарапшылық комментарий, инфографика/ коллаж, фото) әзірлеу және орналастыру) (Bn)	ш а р ш ы сантиметр	1404	1453	1501
3.	Б а с п а басылымындағы (журнал) қызмет (ақпараттық материалды (репортаж, сұхбат, мақала, шолу, очерк, логотип орналасқан арнайы айдар, инфографика/ коллаж, фото) әзірлеу және орналастыру) (Bm)	ш а р ш ы сантиметр	623	645	667
4.	Интернет-ресурстағы қызмет (ақпараттық материалды әзірлеу және орналастыру) (Bi)	символ	111	117	124
5.	Қазақстан Республикасының аумағында таралатын телеарнадағы қызмет (ақпараттық материал (жаңалықтар сюжеті) әзірлеу және орналастыру) (Btv)	минут	225 935	248 529	273 381
	Қазақстан Республикасының аумағында таралатын телеарнадағы				

6.	қызмет (деректі фильм әзірлеу және орналастыру) (Btv)	минут	343 421	354 870	366 319
7.	Радиоарнадағы қызмет (ақпараттық бағдарламаны әзірлеу және орналастыру) (Br)	минут	15 000	15 000	15 000
8.	Радиоарнадағы қызмет (аудиороликті әзірлеу және орналастыру) (Br)	секунд	250	250	250
9.	Әлеуметтік желілерде қызмет көрсету (пост орналастыру) (Bi)	пост	37 502	38 755	40 005